



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 58.621

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ильясова Гульмира Капсабитовна
«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ
мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру
әдістемелік кабинетінің математика пәні әдіскері
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: ilyasova.gulmira@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада математика пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау іс-әрекетін ұйымдастыру қарастырылды. Осы бағытты жетілдіруде оңтайлы әдіс тәсілдердің жолдары ұсынылған. Оқу үрдісінде топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар көрсетілді.

Түйімі сөздер: *функционалды сауаттылық, әдіс-тәсілдер, топтық жұмыс, математика.*

Аннотация

В статье рассмотрена организация деятельности функциональной грамотности обучающихся по математике через критическое мышление. В совершенствовании данного направления предложены пути оптимальных методических подходов. Были показаны задания на уроках для работы в группах.

Ключевые слова: *функциональная грамотность, методы, командная работа, математика.*

Abstract

The article considers the organization of the activity of functional literacy of students in mathematics through critical thinking. In improving this direction, the ways of optimal methodological approaches are proposed. Tasks were shown in the lessons for working in groups.

Key words: *functional literacy, methods, teamwork, mathematics.*

Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазіргі таңда әр ұстаздың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1, б. 65].

Бүгінгі таңда білім саласы үлкен жаңалықтарға, ізденістерге, өзгерістерге бас бұруда. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жан-жақты және қиын үрдіс. Осыны әр мұғалім түсініп, өз тәжірибесінде замануи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы нәтижелі қызмет жасағаны жөн. Математика пәнін оқытуда білім алушылардың функционалдық ойлау қабілеттері мен шығармашылық жұмыстарын дамытуға бағытталған педагогикалық жаңа технологияларды сабақ үрдісіне енгізу. Функционалдық сауаттылық ұғымына түсінік бере кетсек, ол яғни, адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек 4 білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Сондай-ақ, сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі.

Әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзиреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалды сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Білім алушылардың алған білімдерін шынайы жағдайларда қолдану, ақпаратты өртүрлі белгі (мәтін, графика, кесте, сызба) жүйелеріне аудару, ұсынылған өртүрлі: тұрмыстық, ғылыми–көпшілік және т.б.мәтіндерден қажетті ақпаратты табу ептіліктері толық қалыптаспаған. Осы факторларды ескеру білім алушыларды оқыту тәсілдерін өзгерту, математикалық сауаттылығын күшейту қажеттілігін тудырып отыр [2, б. 5].

Білім беру ұйымынан шыққан бала алған білімін ұмытып қалмайды, қайта өмірде пайдаланатын болады. Ол үшін оқытудың белсенді әдіс–тәсілдерін меңгеруіміз керек. Функционалды сауатты білім алушының моделін өзіндік пікірі, ой талғамы бар, көзқарасы қалыптасқан, білімі шыңдалған, шығармашыл, дарынды, ізденімпаз, креативті алған білімін қоғамда қолдана алатын жеке тұлға деп түсінуге болады. Осы орайда математика пәнін меңгерту барысында теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің ақпараттық материалдарда бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге, білуге және ол білімді қолдана алатындай практикалық маңыздылығын ескеру өте маңызды [3, б. 18].

Жаңа технологияның басты мақсаты – өздігінен дамытуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Заман талабына сай оқыту технологиясының тиімдісін пайдалану – оқу үрдісінде жетістікке жетудің бірден бір кепілі. Бүкіл әлемнің түкпір–түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбектерінің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, сан түрлі оқыту технологиялары жарыққа шығарылды. Осы жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының орны ерекше. Олардың пікірінше оқу міндетті түрде білім алушылардың қызығушылығын тудыратын белсенді болуы керек. Білім алушылардың ойына түрткі туғыза отырып оны білуге одан әрі құлшынысын туғызу болса ғана оқуға деген белсенділік артады. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану оқытудың өртүрлі формаларын қолдана отырып, білім алушылардың бір–бірін тыңдай білуге, өз ойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді, ізденіске баулып, естіп, көріп, білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретуді көздейді. Сын тұрғысын оқу – тәрбие үрдісінде басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі білім алушылар өз алдына белсенді дамуына негізделеді. Яғни білім алушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау, өрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Осыған орай сын тұрғысынан ойлау технологиясын егжей–тегжейлі қарастыра отырып, жеке тұлғаның функционалды сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау іс–әрекеті арқылы қалыптастыруды мақсат еттім. Математика сабағын меңгертуде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану өте тиімді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану барысында ақпаратпен жұмыс істеу, логикалық ойлау, мәселелерді шешу, өз пікірін дәлелдеу, өзіндік жұмыс, ынтымақтастықпен және топта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады [4, б. 11].

Оқыту процесінде пайдаланылып отырған өртүрлі әдіс тәсілдер мен жаңа технологиялар өз нәтижелерін беруде. Математика сабағында сын тұрғысынан ойлау білім алушыларды тәрбиелеп, білім –біліктілігін арттырып қана қоймай, еркін ойлауға мүмкіндік беріледі: ақыл ойы дамиды, шығармашылық деңгейі артып, топтық іс–әрекетке тәрбиеленеді, өзі жан– жақты жетіліп, өз ойын еркін жеткізе алу қабілеті қалыптасады. Сабақтарда білім алушының санасына ой туғызып, білуге ынтасын арттырып, алдағы уақытта өз бетінше жұмыс жасауына жағдай туғызамын. Әдіс–тәсілдердің ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың өр кезеңінде тиімді қолдану басты талап (*топпен жұмыс, миға шабуыл, кім мықты, Джигсо1, Венн диаграммасы және т.б.*) Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Осыған орай сабақтарда қолданып жүрген тиімді әдіс–тәсілдерді назарларыңызға ұсынамын.

Сабақта және үйге тапсырма бергенде білім алушының пәнге деген қызығушылығына және өз бетімен ізденуіне назар аударамын. Оқу үрдісінде топпен жұмыс жасау әдісі зерттеу жұмысын жүргізу мақсатында тапсырмалар беріледі. Топтық жұмыс нәтижесінде берілген тақырып бойынша білім алушылар өз жұмыстарын шығармашылықпен дайындап, постерге сызба–суретті ортаға салады.

Үйге берілген тапсырманы сұрақ–жауап арқылы өр топта диалогқа түсіру. Білім алушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырмаларды қатесіз топпен орындау, білімдерін тексеру. Топпен жұмыс жасау, жарыс арқылы сабаққа деген ынталары артады. Түсіну. Кім мықты? Топтар жарысы. Өр топқа тапсырмалар беріледі. Өр топ тапсырмаларды орындап, нәтижесін екінші топқа тексеріп бағалау керек. Білім алушылардың мұндағы мақсаты берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ой– пікірімен санаса білу, өткен сабақтарды қайталау. Қолдану. «Джигсо» әдісі бойынша өткен тақырып пен жаңа тақырыпты үйлестіре отырып «Бақыт құсы» тақырыбын өздері талқылап, өздері қайталау мақсатында қосымша тапсырмалар таратылады. Өр топта үш топта 4 оқушы бар, өр топтың 1,2,3 нөмерлеріне бірдей тапсырмалар беріледі, олар өздері тапсырмаларды орындап, өр топтаға бірдей нөмерлер бір партаға бірігіп тапсырмаларын бір–біріне көрсетіп, тексереді. 4 сарапшы, яғни, топ басшылары

бақылаушы–сарапшы ретінде сайланады. Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой пікірлерімен санаса білу. Талдау. Венн диаграммасы арқылы тақырыпты талдау. Әр топқа диаграмма таратылады, сол диаграмманы толтырады, тақырыпты жинақтайды. Әр топ өзара тақырыпқа қатысты диаграмманы толтырып, нәтижесін тақтаға шығып қорғайды. Жинақтау. Тақырыпқа қатысты суреттен мәліметтер алу арқылы жинақтайды. Бағалау. Бағалау паракшасын тарату. Өзін-өзі бағалау, топтық бағалау.

Мысалы, 8–сыныпта алгебра және геометрия сабақтарында «Квадраттық функция», «Аудан» тақырыбын қарастырғанда білім алушылар топта тапсырмаларды орындауда функциялардың графигін, геометриялық фигураларды қарастырғанда зерттеу жұмыстарын жүргізеді, әр топ пікірлерін білдіріп, дәлелді материалдарды сынып назарына таныстырып қорғайды.

Сыныптағы білім алушыларды топқа бөлініп әр түрлі фигуралардың үлгілері беріледі. Осы фигураларының қасиеттерін, аудандарын табу формуласын өмірде қолдану жолдарын орындауға постер құрастырады. Сонымен қатар әр топтың алдына түрлі қолданудан босаған ыдыстар: пластикалық шөлмектер, тетрапакеттер берілді. Осы материалдар пішінін трансформациялау (өзгерту) арқылы тиісті фигуралардың үлгісін, суретін (нобайын) бейнелейді. Әр топтағы оқушылардың сыни ойлау қабілеті әртүрлі, өз ойын– идеяларын ортаға сала отырып, сабақ соңында әр топ өз эскиздерін қорғап шығады. Сабақ арасында сергіту сәті жасалды, әр топ өз үлгілерін интерпретациялап дыбыстар шығарып әртүрлі қозғалыс қимылдарын 2–3 минут белсенділікпен қызықты көрсетті, серігу кезінде де білім алушылар шығармашылықтың тағы да бір қырын көрсетеді. Топтағы білім алушылар өз жұмыстарының күшті және әлсіз жақтарына тоқталып, өзіндік баға беріп, рефлексия жасалады. Сабақ аяғында білім алушылар өз пікірлерін стикерге жазып тақтаға қалдырды.

Қорыта айтқанда, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау іс–әрекетін ұйымдастыру арқылы қалыптастырудың тиімді жолдарына қорытынды жасасақ:

1. Шығармашылық тіл байлығы жетіледі.
2. Білімалушы өз қиялының дамуына, пікірін айтуына еркіндік беріледі.
3. Қоршаған ортаға, өз өмірінде сын көзбен қарауға үйренеді.
4. Әділдікке, шыншылдыққа дағдыланады.
5. Жан–жақты ізденеді.
5. Іс–әрекетке тәрбиеленеді.
6. Ақыл ойын дамытады.
7. Ұжымдық белсенділігі артады.
8. Топпен жұмыс істеуге, топқа бағынуға дағдыланады.

Жалпы қорыта келгенде, жаңа әдіс–тәсілдерді сабақта тиімді пайдалану – оқу үрдісінде жетістікке жетудің бірден бір кепілі деп, жоғарыда айтып өткендей математика пәнін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау іс–әрекеті арқылы ұйымдас–тырудың маңызы зор екені анықталды. Яғни білім алушы өз ой–пікірін ашық еркін айтады, бір–бірін тыңдауға үйренеді ұжымда ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Осыдан кейін ғана жан–жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс–қимыл жоспары
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс–қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің №832 қаулысы 2012ж 25 маусым. Астана Үкімет үйі. 118
4. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім Образование